Педагогикалық кеңес отырысы

Хаттама №1

Арыс қаласы **25.08.2022**
жыл
Қатысқандар:10

Жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттарымен таныстырып, жүзеге асыру жұмыстары.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Балабақша педагогикалық ұжымын 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспары мен үлгілік оқу жоспарымен, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің жүктемесімен, перспективалық жоспармен, балалардың күн тәртібімен таныстыру, талдау, талқылау, бекіту.
2. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу мен білім берупроцесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулық. Жаңа оқу жылында қолдануға тиісті жаңа нормативті құжаттармен таныстыру. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-тарау, 59-бабының 4- тармағына сәйкес өзіндік аттестаттау туралы.Аттестаттау комиссиясының құрамын сайлау, бекіту. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №192 бұйрығы.
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10қыркүйектегі №70 бұйрығына қосымша. Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар. Балабақшаны мемлекеттік өзін-өзі аттестаттаудан өткізу туралы.
4. Тәлімгерлік туралы ережелер, жас мамандарға арналған нұсқаулықтар. Көмекті қажет ететін жас мамандарды анықтап тәлімгер тәрбиешілерді бекіту.
5. Тәрбиешілердің шығармашылық тобының жұмысын ұйымдастыру.

1. Тындалды: Балабақша меңгерушісі М.Калиаскарова, Жаңа оқу жылының басталуымен педагогтарды құттықтай отырып, алдағы жылдық мақсат, міндеттермен таныстырды және балабақшаның күн тәртібін айтып өтті. Күн тәртібінде қаралатын бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі М.Калиаскарова Балабақша педагогикалық ұжымын 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспары мен үлгілік оқу жоспарымен, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің жүктемесімен, перспективалық жоспармен, балалардың күн тәртібімен таныстыру, талдау, талқылау, бекіту туралы таныстырып өтті.

- Баланың өмірін сақтау және денсаулығын нығайту, толыққанды дене бітімін дамыту, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.
- Рухани-адамгершілік тәрбие мазмұнын қарапайым сүйіспеншілік, денсаулық, достық, бақыт сияқты құндылықтарға баулу.

- Баланың өз бойындағы жақсы қасиеттері негізінде жаман әдеттерден бойын аулақ ұстауға үйрету.
- Күнделікті бірлесе атқаратын іс-қимылдар барысында балалардың бойындақоршаған орта құбылыстарымен адамгершілік қарым-қатынас жасау міндеті алынды. Жылдық жоспарда осы міндеттерді шешу мақсатында жұмыстар жоспарланған. Тәрбиешілер өз білімдерін көтеру бойынша жұмыс бағыттарын әр тәрбиешінің келесі мәселесіне жеке-жеке тоқталып өтті. Балабақша педагогтерге өздерінің алған мәселелері бойынша жоспарлары талқыланды.

2022-2023 оқу жылының жылдық жоспарын балабақша меңгерушісі, әдіскері және аға тәрбиешісі бірігіп отырып құрды. Сондықтан осы айтылғандарды құптап, жылдық жоспарды бекітейік.

Меңгеруші «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына енгенөзгерістермен таныстырып өтті.

Мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиелеу-білім беру қызметін:

1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі - Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;
2) «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына;
3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);
4) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);
5) Мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген, өңірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесінде бекітілген және қолдануға ұсынылған білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады. Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкескіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді Ұйымдастырылған іс-әрекеттермен таныстырып өтті.

Жас кезендері мынадай:

1) Бөбек жасы – 0(жаңа туған балалар) – 2 жастағы балалар;
2) Мектепке дейінгі жас – 3-5 жастағы балалар. Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталады: ерте жас тобы – 1 жастағы балалар;
Кіші топ – 2 жастағы балалар;
Ортаңғы топ – 3 жастағы балалар;
Ересек топ – 4 жастағы балалар;
Мектепалды топ , мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып – 5 жастағы балалар.

2. Тыңдалды. Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері сөйледі. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулық хатымен таныстырды. Тәрбиелеу – білім беру процесі:
- перспективалық жоспарға;
- Циклограммаға;
- бала даму картасына, мониторингі арқылы іске асырылады.

Жас топтары бойынша заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын талаптар жайлы таныстырды.

3. Келесі мәселе бойынша: Қазақстан Республикасының «Білім туралы»Заңының 8- тарау, 59- бабының 4- тармағына сәйкес өзіндік аттестаттау туралы. Аттестаттау комиссиясының құрамын сайлау, бекіту. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 192 бұйрығы.

4. Тыңдалды: Балабақша әдіскері, білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдармен таныстырды. Жыл соңында балабақшадағы жылдық жоспар бойынша қандай жұмыстар атқарылды, қандай жетістіктерге жетті, жылдық есеп жүргізіліп, өзін-өзі бағалау қажет деп, таныстырып өтті.

Келесі мәселе бойынша: тәлімгерлік туралы ережелер, жас мамандарға арналған нұсқаулықтар. Көмекті қажет ететін жас мамандарды анықтап тәлімгер тәрбиешілерді бекіту. Жас маман жанжақты ізденіс үстінде болу керектігін нақтылау айтылды.

5. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту жөнінде балабақша меңгерушісі М.Калиаскарова сөз алды. Өз сөзінде: Жаңа оқу жылында таңдаған шығармашылық тақырыптарыңызға ерінбей материал іздеп, жинақтап, жаңа тұрғыда байланыстар тауып ендіруді тапсырамын. Бекітілген тақырыптармен жүргізуге табыс тілеймін деді.

ШЕШІМ:

1. 2022-2023 оқу жылының жылдық міндеттемесімен жылдық жоспары бекітілсін. Жылдық жоспар негізінде жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін. Жауапты М.Калиаскарова. Орындалу мерзімі оқу жылы барысында.
2. Жас топтарына сәйкес құрылған оқу жоспары, күн тәртібі,оқу қызметінің жүктемелік кестесі және перспективтік жоспары бекітілсін.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті бекітілген оқу жоспары мен жүктемеге, перспективтік жоспарға сәйкес жүргізілсін. Жауапты топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі оқу жылы барысында.

3. аттестаттау комиссиясының төрайымы болып балабақша меңгерушісі М.калиаскарова, мүшелері И.Кудреттуллаева, хатшы Ф.Алдангарова болып сайлансын. Педагогикалық қызметкерлердің біліктіліктерін арттыру жұмыстары ұйымдастырылсын.

Педагогикалық кеңес төрағасы: М.Калиаскарова

Хатшы Ф.Алдангарова

Кезектен тыс педагогикалық кеңестің хаттамасы №2

Қатысқандар: 9 16.09.2022ж

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагогтерді Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығына 1-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына 1-2-3 қосымшаларымен таныстыру, талқылау, кеңестер беру.

1. Тындалды: Балабақша меңгерушісі М.Калиаскарова педагогтерді Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығына 1-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына 1-2-3 қосымшаларымен таныстырп өтті.

Ұйымдастырылған іс-әрекет жас топтары ортаңғы топ (3 жастағы балалар) ересек топ (4 жастағы балалар) Дене шынықтыру аптасына үш рет, Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет күн сайын, Қазақ тілі аптасына бір рет, күн сайын. Математика негіздері күн сайын. Қоршаған ортамен таныстыру күн сайын. Сурет салу, мүсіндеу күн сайын, Жапсыру, Құрастыру. Музыка аптасына бір рет.

Мектепке дейінгі ұйымдағы мектепалды топқа (мектептегі, лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (5 жастағы балалар) Ұйымдастырылған іс-әрекет аптадағы нормативтік жүктеме саны Дене шынықтыру. Сөйлеуді дамыту 2 сағат. Көркем әдебиет 2 сағат. Қазақ тілі 2 сағат. Сауат ашу негіздері 3 сағат. Математика негіздері 3 сағат. Қоршаған ортамен таныстыру 2 сағат. Сурет салу. Мүсіндеу, Жапсыру, Құрастыруға 1 сағат. Музыка 2 сағат. Барлығы – 20 сағат.

Ұйымдастырылған іс-әрекет – мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалр әрекеті (ойын, 9 қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастырады,

кіріктірілген түрде. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді. Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді деп бекітілген үлгілік оқу жоспары, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесіне сай күнделікті, жүйелі жұмыс жүргізуді және қадағалауын әдіскер М.Калиаскароваға тапсырылды.

ШЕШІМ:

1. Бекітілген үлгілік оқу жоспары, күн тәртібіне, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесіне сай күнделікті, жүйелі оқу тәрбие үдерісі ұйымдастырылсын. Жауаптылар: М.Калиаскарова және барлық педагогтар.

Төрағасы: М.Калиаскарова
Хатшы: Ф.Алдангарова

Кезектен тыс педогогикалық кеңестің хаттамасы №3

Қатысқандар:10 07.12.2022ж

Күн тәртібі:

1.Қазақстан Республикалық «Білім туралы» №319 Заңының 59 бабы 4-1 тармағына және Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2023 жылға арналған мемлекеттік аттесттауға жататын білім беру ұйымдарының тізіміне сәйкес 2023 жылдың маусым айында ЖШС «Зейне-ана» балалар бақшасы өтетіні туралы

2.Мемлекеттік аттестаттау өткізуге байланысты өзін-өзі бағалау мақсатында коммиссия құрамын сайлау, 2022 жылы наурыз - маусым айлар аралығында өзін-өзі бағалаудан өткізу туралы

1.**Тыңдалды:**

Балабақша меңгерушісі М.Калиаскарова педогогтерге Қазақстан Республикалық «Білім туралы»№319 Заңының 59бабы 4-1 тармағына және Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2023 жылға арналған мемлекеттік аттесттауға жататын білім беру ұйымдарының тізіміне сәйкес 2023 жылдың ақпан айында ЖШС «Зейне-ана» балалар бақшасы мемлекеттік аттесттаудан өтетіні туралы хабарлады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту №486 бұйрығына сәйкес балабақшаның 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылына өзін-өзі бағалау қорытындысын жасап,сайтқа салуды әдіскеріне тапсырды. Тәрбиешілер мен музыка жетекшісі 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылына перспективалық жоспар,циклограмма,тәрбиеленушілердің бастапқы, аралық,қорытынды бақылау нәтижелері бойынша дамыту даму мониторингін даму картасын,ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен ертеңгіліктер бағдарламасын суреттерімен сканерлеп сайтқа салу дайындауын тапсырды. Балабақша психологы, медбикесінің де жылдық жоспарларын жүктелетінін, реттеуін, атап өтті. Сонымен бірге балабақшаның төлқұжаттары; БСН, мекеме жарғысы, қызметтің басталғаны туралы хабарлама медициналық лицензия, дабыл жүйесі құжаттары және өрт қауіпсіздігі құжаттары, сэс қорытындысы мен бейне бақылау жүйесі құжаттарын үлгілік оқу жоспарларын ұйымдастырылған оқу қызметтері кестесін реттеп сайтқа салынуын тапсырды.

2.Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі М.Калиаскарова педогогтерге мемлекеттік аттесттауға өтуімізге байланысты өзін-өзі бағалау мақсатында коммиссия құрамын мүшелерін сайлауда: И.Кудреттулаева, А.Мадалиева, Р.Кулмановаы ұсынды. Педогогтер бір ауыздан келісіп, аталған педоготер коммисия құрамын мүшелеріне сайланды. Мамырдың 5 дейін өзін-өзі бағалау өткізілсін деп белгіленді.

Шешім:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту №486 бұйрығына сәйкес балабақшаның 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылына өзін-өзі бағалау қорытындысын жасап, сайтқа алуды әдіскеріне жүктелсін, тәрбиешілер мен музыка жетекшісі 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылына перспективалық жоспар, циклограмма, тәрбиеленушілердің бастапқ, аралық, қорытынды бақылау нәтижелері бойынша дамыту даму мониторингін даму картасын,ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен ертеңгіліктер бағдарламасын суреттерімен сканерлеп сайтқа салу дайындалуына тәрбиешілер И.Кудреттулаева, А.Мадалиева, Р.Кулманова балабақша медбикесі Р.Медетбекова жылдық жоспарларын жүктеп, реттелу жүктелді.

2. Коммиссия төрағасы: Балбақша меңгерушісі М.Калиаскарова
   Мүшелері: Әдіскер
   Тәрбиешілер: И.Кудреттулаева, А.Мадалиева, Р.Кулманова бекітілсін. Мамырдың 5 дейін өзін-өзі бағалау өткізілсін деп белгіленді. Жауапты меңгеруші М.Калиаскарова

Төрағасы: М.Калиаскарова
Хатшы: Ф.Алдангарова

Педогогикалық кеңестің №4 хаттамасы

Қатысқандар саны -11 **20.01.2023ж**

Күн тәртібі

1. І-жартыжылдықтағы оқу тәрбие жұмыстарына аналитикалық есеп беру.
2. І-жартыжылдықтағы білім-білік дағдыларын диагностикалау Аралық диагностика
3. Ұйымдастырылған оқу-қызметі «Асық терапиясын»қолдану
4. Жартыжылдықта аурыған балалардың көрсекішін талдау.
5. Жартыжылдық жұмыстың қорытындысы

1. Тыңдалды: бірінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері бөбекжайдың жарты жылдық есебін баяндады. Жарты жылдық есеп бойынша балабақшада атқарылған жұмыстар, оқу-тәрбие жұмыстары толығымен баяндалып,қағаз жүзінде өткізілді. Одан ары қарай кезегімен әр топ тәрбиешілері өздерінің жарты жылдық есептерін тапсырды. Тәрбиешілер жылдық есептерін, іс қағаздарын,ашық ұйымдастырылған іс әрекеттердің жоспарын, жүргізген жұмыстарын өткізді.

2. Тыңдалды:балабақша әдіскері сөйледі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүогізудің әдістемелік ұсынымдарымен таныстырып өтті. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгерту ойынша жүргізілетін мониторинг критерийлері мен индикаторларын оқып,түсіндіріп өтті. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын игеру деңгейлерін есептеу әдістемесімен таныстырды.

1ші қосымшасымен таныстарды және 2ші қосымшада Бақылау парақтары Excel форматта берілген. Топтың мониторинг нәтижелері негізінде мектепке дейінгі ұйымның әдіскері Excel форматта берілген қосымшаға сәйкес (3 қосымша) мектепке дейінгі ұйымның, содан соң аудандық білім бөлімдері мен облыстық ілім басқармаларының әдіскерлері мен мамандары аудан, облыс бойынша мониторингті жасайды.

Топтың мониторингі нәтижелері негізінде оқу жылына Баланың жеке даму картасы толтырылады.Балалһның жеке дамыту картасын толтыру кезінде педагог кестеге дамытушы немесе тузету шараларын, қажет болған жағдайда бақылау нәтижелері бойынша іс-шаралардың екі түрін енгізі керектігін айтып өтті.

3.Тыңдалды: Ұйымдастырылған іс-әрекеттерде «Асық терапиясын» қолдану туралы тәрбиеші Ф.Қашқынбек баяндама оқыды.

Мектепке дейінгі ұйымда балаларды дамыту, білім беру, тәрбиелеу мақсатында қолданылып келген педагогикалық технолигиялар жеткілікті. Соның бірі асық ойыны. Асық ойыны-сол бай салтымыздың бір дәстүрі. Ертеде қазақ халқы асықты бала кезінде қолына алып, жас кезінен бастап ойнай бастайды. Тіпті сәби дүниеге келмей жатып, жас нәрестеге арнап асық жинайтындар да болған. Асық ойындарының тәрбиелік мәні зор.

Асық терапиясының мақсаты: асық терапиясында балалардың терапиясында балалардың қимыл-қозғалыстарын реттеу, кеңістікті бағдарлай білу, көрнекі іс-әрекеттік, көрнекі бейнелік және сөздік –логикалық ойлауды сатылай қалыптастырып, шығармашылық тұрғыда және сын тұрғысынан ойлауды дамыту, шыдамдылық, сабырлық, бірлескен әркетті қолдана білуге тәрбиелейді. Сондықтан да біз, ересектер, асық ойындарының жаңа мазмұнды ойындарын, жаттығуларын құрастырып, оларды оқыту және дамыту, ұйымдастырылған іс әрекеттерде қолдана аламыз.

Асық ойынына Бауыржан Момышұлы атамыз «Асық –үлкен халықтық тәрбие»деп баға беріп, жоғары билікке хат та жазған екен.

Шешімі:

1.Өткен кеңестің қаулылары орындалды.

2.Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып қабілеттері мен дағдыларың даму деңгейін қадағалау бойынша аралық мониторинг нәтижелерін қосымшаға сәйкес Excelформатында жасалып, білім бөліміне тапсырылсын. Жауапты әдіскер М.Калиаскарова.

3.Ұйымдастырылған оқу қызметтірінде, ойындарды «Асық терапиясы» қолданылсын.

Төрағасы: М.Калиаскарова
Хатшы: Ф.Алдангарова

Педагогикалық кеңес отырысы

Хаттама №5

Арыс қаласы **30.05.2023 жыл**

Қатысқандар: 7

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2022-2023 оқу жылындағы жасалған оқу тәрбие жұмыстарына есеп беру. Жауапты әдіскер.

2. Диагностика. Мемлекеттік стандарттың білім салаларына сәйкес бағдарламалық материалдардың меңгерілуі.
3. Балалардың бір жылдық бағдарлама материалын меңгеруі, мониторинг нәтижесі.
4. Жазғы сауықтару жұмысының іс-шараларын өткізу және бекіту. Жауапты меңгеруші Калиаскарова М.

1.Тыңдалды. Балабақша әдіскері М.Калиаскарова сөз алып, 2022-2023 оқу жылана қорытынды жасады. Өткен педкеңестің қаралған мәселелері, оның ішінде күнделікті ертеңгілік жаттығулар мен тәрбие сабақтарының өткізілуі, балаларға сауықтыру жұмыстарының жүргізілуі дұрыс жолға қойылғандығы айтылады.

2. Тыңдалды. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша меңгеруші сөз сөйледі: балабақша балаларының танымдық үрдістерін дамыту жолдарын айқындап көрсетуді атап өтті. Балалардын танымдық қызығушылығын дамытудың негізгі факторы – олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, баланың техникалық қызметтерін, ақыл-ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу процесін жолға қою керектігін айтады.

3. Тыңдалды. Үшінші мәселе бойынша, балалардың білім жүйесінің тексерілуі өткізіліп, мониторинг өткізілді. Қортынды мониторинг балалардың оқу жылы ішінде жүргізілген бастапқы және аралық мониторингтеріне қарап негізделіп өткізіледі. Жалпы алғанда, балалардың қорытындысы, жыл бойы алған білімдерінің негізі болып қорытыланады.

4. Тыңдалды. Төртінші мәселе бойынша жазғы сауықтыру жұмыстарының іс-шараларымен, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесімен, күн тәртібімен Т.Хайназарова таныстырып өтті. Педагог мамандар перспективалық жоспарды бекітілген өтпелі тақырыптарға сәйкес құрайды.

Перспективалық жоспарға сәйкес, балаларды қабылдау, ұйымдастырылған оқу қызметі, серуен, балалардың үйге қайтуы т.б. күн тәртібіндегі процестердің орындалуын қамтитын және өтпелі тақырыптарға сәйкес бір аптаға арналған циклограмма құрастырылады деп атап өтті.

Шешім:

1. Мемлекеттік стандарт бойынша білім салаларына байланысты материалдар игерілсін.
2. Жазғы сауықтыруға арналған ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі бекітілсін.
3. Перспективалық жоспар әдістемелік нұсқаулық хат талаптарына сай толтырылсын.



Әдістемелік кеңес төрайымы: **М.Калиаскарова**

Хатшы: **Ф.Алдангарова**